

Шырынды шығарам!



4787258

Иірімекті шырынсыққыш КТ-
1102

Егер біздің техникамызды пайдалануға байланысты қиындықтар туындаса, дүкенге жүгінер алдында Kitfort жедел желісіне қоңырау шалуыңызды сұраймыз: **8-800-775-56-87** (дс-жм Мәскеу уақыты бойынша 9:30 бен 17:30 аралығы)

info@kitfort.ru

Біз құрылғы жұмысының ерекшеліктері туралы айтып, кез келген басқа сұрақтар бойынша кеңес береміз

Мазмұны

Жалпы мәліметтер	4
Жиынтықтамасы	4
Шырынсыққыштың құрылысы	5
Жұмысқа дайындау және пайдалану	7
Шырынсыққышты тазарту және күтім жасау	11
Күтім жасау және сақтау	12
Ақауларды жою	12
Техникалық сипаттамалары	14
Сақтық шаралары	15

Жалпы мәліметтер

Иірмекті шырынсыққыш дәрумендер, аминқышқылдар және минералдар сияқты барлық пайдалы құрамбөліктерді сақтай отырып, жемістерден, көкөністерден және көк-сөктен шырынның ең көп мөлшерін сығуға мүмкіндік береді. Сығу кезінде шырын қызып кетпейді және қышқылданбайды. Шырынсыққышты жинау оңай және қолданғаннан кейін жай ғана жуылады.

Ортадан тепкіш шырынсыққыштарда қолданылатын центрифуга арқылы ұсату және кейіннен шырынды сығу технологиясынан айырмашылығы иірмекті шырынсыққыш төмен жылдамдықты сығу технологиясын қолданады. Төмен жылдамдықты сығу технологиясы (Low Speed Technology System, LSTS) жемістер, көкөністер немесе көк-сөк сияқты бастапқы өнімнің ең аз мөлшерінен қоректік заттардың, дәрумендер мен ферменттердің ең көп мөлшерін шығаруға мүмкіндік береді.

1000-24000 айн/мин жылдамдықта жұмыс істейтін және 1500 Вт электр энергиясын тұтынатын кәдімгі ортадан тепкіш жоғары жылдамдықтағы шырынсыққыштан айырмашылығы, иірмекті шырынсыққыш шамамен 70 айн/мин айналу жылдамдығымен жұмыс істейді және небәрі 150 Вт тұтынады. Алайда айналу жылдамдығының төмендігіне қарамастан, иірмекті шырынсыққыш дәстүрлі ортадан тепкіш шырынсыққыш сияқты шырынды жылдам сығады. Ультра берік материалдан жасалған спираль тәрізді иірмекті-пресс өнімді ұсақтайды және сығымдайды, содан кейін шырыннан күнжараны бөле отырып, жемістің мәйегін сүзгі арқылы өткізеді. Бұл технология көкөністер мен жемістердің құрамындағы көптеген қоректік заттарды сақтауға және табиғи антиоксиданттар болып табылатын жасұнықтар мен өсімдік ферменттері көп шырын алуға мүмкіндік береді.

Өнімнің тағамдық құндылығын сақтауға көмектесетін ортадан тепкіш шырынсыққыштан айырмашылығы төменгі айналу жылдамдығы шырын сығу процесінде айтарлықтай төмен температураны қамтамасыз етеді. Иірмекті шырынсыққышта шырын көбіктенбейді, ал оның ауамен байланыс уақыты аз, сондықтан шырын ауаның оттегісімен тотықтандырылмайды.


Жиынтықтамасы

1. Шырынсыққыш:
 - Мотор бөлігі — 1 дана.
 - Ыдыс — 1 дана.
 - Сүзгі ұстағышы — 1 дана.
 - Сүзгі — 1 дана.
 - Иірмек — 1 дана.
 - Үстіңгі қақпақ — 1 дана.
2. Итергіш — 1 дана.
3. Мәйек пен шырынға арналған контейнерлер — 2 дана.
4. Тазартуға арналған щетка — 1 дана.
5. Пайдалану нұсқаулығы — 1 дана.
6. Кепілдік талоны — 1 дана.
7. Коллекциялық магнит — 1 дана*

* опциялық.

Шырынсыққыштың құрылысы

Жүктеме мойны бар
үстінгі қақпақ



Тазалауға
арналған
шетка



Иірмек



Мотор бөлігі



Сүзгі



Итергіш



Шырын мен күнжараға арналған контейнерлер



Сүзгі ұстағышы




Күнжара шығуға
арналған келтекұбыр

Ыдыс



Шырын шығуға арналған келтекұбыр



Шырынсыққышты жинау кезінде үстінгі қақпақтағы көрсеткішті мотор бөлігіндегі «Жабу» жазбасымен туралаңыз.

КТ-1102 моделі көптеген жемістерді, мысалы, алманы алдын ала бөліктерге бөлмей, бүтін салуға мүмкіндік беретін салатын кең мойынмен және арнайы пішінді иірмекпен жабдықталған.

Шырынсыққышта қуаты 150 Вт тұрақты тоғы бар коллекторлы қозғалтқыш қолданылады. Тұрақты ток қозғалтқыштары жақсы тарту сипаттамаларына және жоғары іске қосу сәтінә ие. Олардың айнымалы ток қозғалтқыштарынан артықшылығы шағын өлшемдері мен салмағы болып табылады.

Қозғалтқышпен бірге төмендетуші редуктор қолданылады, соның арқасында иірмектің осіндегі айналу сәті артады, сондықтан шырынсыққыш көк-сөк пен жапырақты көкөністерді қоса тіпті қызылша, сәбіз және т. б. сияқты қатты өнімдерден де шырын сыға алады. Редуктордың тегіршектері мен біліктері болаттан жасалған, сондықтан редуктордың сенімділігі мен қызмет ету мерзімі өте жоғары. Редуктордың корпусы металл, ол ішкі бөліктерді тегіршектер мен мойынтіректердің қызмет ету мерзіміне кері әсерін тигізетін ылғал мен шаңның енуінен қорғайды. Тегіршектер мен мойынтіректер жақсы майланған, сондықтан пайдаланушының оларды майлауының қажеті жоқ.

Қозғалтқыштың білігінде, сондай-ақ редукторда теңселіс мойынтіректері қолданылған, олар сырғыма мойынтіректерге қарағанда әлдеқайда сенімді, бірақ оларды жасау қиынырақ.

Шырынсыққыш корпусы ауыр жүктемелерге төтеп бере алатын берік пластиктен жасалған. Ол тегіс, кірлеген жағдайда, шүберекпен немесе губкамен оңай сүртіледі. Қозғалтқыш корпусының жоғарғы жағына бекітіледі, бұл шырын шығару кезінде корпусқа түсетін бұралу жүктемесін азайтады. Мұндай бекіту иірмектің айналу жылдамдығының төмендігімен бірге жұмыс кезінде дірілдің болмауын қамтамасыз етеді.

Иірмек ультраберік пластиктен құйылған, ол сығу кезінде туындайтын үлкен жүктемелерге төтеп береді. Иірмек оське отырғызылатын алты бұрышты ойық металл қондырмамен күшейтілген, ол айналу күшін иірмектің материалы бойынша біркелкі бөледі.

Ыдыс, қақпақ және итергіш тағамдық төзімді пластмассадан жасалған. Ыдысы түссіз, сондықтан сіз айналыру процесін егжей-тегжейлі көре аласыз. Шырын мен күнжараға арналған контейнерлер де түссіз, ал бүйірінде өлшеу шкаласы бар, сондықтан сіз әрқашан сығылған шырынның көлемін оңай анықтай аласыз.

Сүзгі пластмасса бекіткіштері бар тот баспайтын болаттан жасалған, ол оны берік және тот басуға төзімді етеді. Сығу кезінде сүзгі торы сүзгі ұстағышында орнатылған силикон щеткаларымен үнемі тазартылады, бұл тор саңылауларының жеміс мәйегімен бітеліп қалуына жол бермейді.

Сүзгіні жуу үшін шырынсыққыштың жиынтығына тор тесіктерінде қалған жеміс мәйегін тазартуға көмектесетін қатты қылшықты щетка қоса беріледі.

Сорғыш аяқтар шырынсыққышты үстелде мықтап ұстап тұрады, егер сіз оны кездейсоқ итеріп жіберген болсаңыз, ол орнынан қозғалмайды.

Шырынсыққыш қауіпсіздік ажыратқышымен жабдықталған, ол үстіңгі қақпақ ашылған кезде, шырынсыққыштың іске қосылуына жол бермейді.

Жинау және бөлшектеу өте қарапайым және 1 минут ішінде жүргізіледі.

Шырынсыққышты жинау кезінде күнжара шығуға арналған арнаның астында ыдыстың ортасына қарай екінші тесік бар екенін ескеріңіз, ол силиконды бітеуішпен мықтап жабылуы керек. Мұндай құрылымның пайдасын шырынсыққышты жуған кезде бағалауға болады — күнжараның арнасындағы өткізу өткелі күнжараның қалдықтарын су ағынымен жылдам

жууға мүмкіндік береді. Егер күнжара нашар жуылатын болса, щетканың артқы жағын пайдаланыңыз, ол жарамды өлшемге және дәл осы мақсат үшін сәл қиғаштыққа ие. Жуғаннан кейін күнжара арнасының ішкі тесігін қайтадан бітеуішпен жабуды ұмытпаңыз.

Шырынсыққышпен жұмысты аяқтағаннан кейін және оны бөлшектеуге кіріспес бұрын, оны 1 секундқа қайта айналдыру ұсынылады — бұл иірімекті оңай алуға көмектеседі.

Жұмысқа дайындау және пайдалану

Назар аударыңыз! Тазартуға арналған щетка пенопласт қаптамада бөлек жатады. Шырынсыққышты орамнан шығарған кезде, щетканы тауып, шығаруды ұмытпаңыз.


Алғашқы қолданар алдында шырынсыққышты бөлшектеңіз және барлық алынбалы бөлшектерін жылы сумен және түрлілі емес жуғыш құралмен жуыңыз. Сумен мұқият шайып, құрғатыңыз. Бұл шаң мен өндірістік майлаудың іздерін кетіреді.

Құрастыру


1. Ыдысты өзіңізге қарай кері аударып, бітеуішті күнжара арнасына салыңыз.

Ыдыстың астындағы бітеуіш

Бітеуіш





Ойыққа салыңыз



2. Ыдысты мотор бөлігіне орнатыңыз және бекіту үшін оны тірелгенше сағат тілімен бұраңыз.

3. Сүзгідегі қызыл нүктені ыдыстағы қызыл нүктемен туралап, сүзгі ұстағышын және сүзгіні тостағанға орнатыңыз.


Сүзгідегі нүкте



4. Иірімекті сүзгінің ішіне орнатыңыз. Орнату кезінде оны аздап басып, оны тірелгенше, орнына түскенге дейін бұраңыз.

5. Қақпақтың оң жағындағы стрелканы ыдыстағы нүктемен туралап, ыдыстың үстінгі қақпағын орнатыңыз. Содан кейін қақпақты бекіту үшін тірелгенше сағат тілімен бұраңыз. Бұл ретте сіз шырт еткен дыбысты естисіз, ал қақпақтың артындағы стрелка «Жабу» жазбасын көрсетеді.

Қақпақты орнату кезінде оның артқы жағында орналасқан тілшік корпусты ойыққа түсіп, қауіпсіздік қосқышын басады. Егер қақпақ дұрыс орнатылмаған немесе мүлдем орнатылмаған болса, шырынсыққыш қосылмайды.



6. Контейнерлерді күнжара мен шырынға арналған келтеқұбырлардың астына қойыңыз. Шырынға арналған келтеқұбырдың клапанын ашыңыз. Шырынсыққышты электр қуаты желісіне қосыңыз.

Пайдалану

Жұмыс режимдерінің қосқышы шырынсыққыш корпусында орналасқан және үш қалыпта болуы мүмкін:

«ON» шырын сығу үшін қозғалтқышты іске қосады.

«OFF» (орташа қалып) — шырынсыққышты өшіру.

«R» реверсті (кері жаққа айналдыруды) қосады, батырма бұл күйде тіркелмейді.

Сығылатын өнімдер кептеліп қалған болса, шырынсыққышты тазалау үшін ғана реверсті қолданыңыз.

Шырынсыққышты жұмыс режимінен бірден реверске ауыстыруға тыйым салынады, әйтпесе басқару тақтасы зақымдалуы мүмкін. Реверсті қоспас бұрын шырынсыққышты сөндіріп, айналу толығымен тоқтағанша 1 секунд күтіп, содан кейін ғана реверсті қосыңыз.

Шырын сығу

Сығуға арналған өнімді дайындаңыз. Оларды жуыңыз, қажет болса қабығын аршыңыз, дөнегін алып тастаңыз және тураңыз.

Шырынсыққышты электр қуаты желісіне қосыңыз.

Күнжара мен шырынға арналған контейнерлерді шығатын келтеқұбырлардың астына қойыңыз. Шырынға арналған келтеқұбырдағы клапанды ашыңыз.

Шырынсыққышты қосыңыз.

Өнімдерді салу мойнына салыңыз. Егер онда өнімдер кептеліп қалса, оларды итергішпен итеріңіз.

Контейнерді ауыстырған кезде шырын қасына тамып кетпес үшін, толып кеткен шырын контейнерін ауыстырған кезде, шырынға арналған келтеқұбырды клапанмен жабыңыз.

Сығу аяқталғаннан кейін шырынсыққышты сөндіріп, айналу тоқтағанша күтіп, реверсті 1-2 секундқа қосыңыз. Содан кейін шырынсыққышты өшіріп, оны электр қуаты желісінен ажыратыңыз.

Сығу бойынша ұсыныстар

Алдымен шырынсыққышты қосыңыз, содан кейін өнімді салыңыз. Әйтпеген жағдайда, мотор қосылған сәтте білікке күш жетпей қалып, шырынсыққыш істемей қалуы мүмкін.

Өнімді жұмыс істеп тұрған шырынсыққышқа салғаннан кейін, сығу процесі бірден басталады. Шырын сығудың басында, процесс әлі орнатылмаған кезде, күнжара құрамында азғантай шырын болуы мүмкін.

Өнімді тым көп салмаңыз. Өнім неғұрлым қатты болып, одан күнжара неғұрлым көп алынатын болса, соғұрлым аз өнім салынуы керек. Шырынсыққыштың шырынды сығып, күнжараны шығаруына біраз уақыт кетеді. Егер өнім өте көп салынса, шамадан тыс жүктеме пайда болады, сығу сапасы нашарлайды, ал егер шамадан тыс жүктелген кезде иірмектің істемей қалуы немесе сүзгінің зақымдалуы мүмкін.

Жүктеме мойнына тек жұмсақ жемістер мен көкөністерді ғана алдын-ала кесусіз, бүтін салуға болады. Мысалы, алма, алмұрт, қабығы аршылған ұсақ мандариндер. Қатты өнімдерді бөліктерге бөлу керек. Егер оларды бүтін салатын болса, онда олардың қаттылығына байланысты шырынсыққыш шырын сыға алмай, тұрып қалуы мүмкін. Немесе иірмекке өнімнің көп мөлшері бірден түсуіне байланысты шамадан тыс жүктеме туындауы мүмкін. Қатты өнімдерді ұзындығы 10 см және ені 2 см аспайтын таяқшаларға кесіп, бірінен соң бірін салыңыз. Сәбізді екіге, ал үлкен сәбізді (диаметрі 3,5 см жоғары) ұзына бойына төртке бөлу керек.

Ұзын талшықтардың иірімкеке оратылып, сүзгідегі күнжара шығатын тесіктің бітеліп қалуының алдын алу үшін балдыркөк, қырыққабат, ананас тәрізді талшықты тағамдарды кішкене бөліктерге бөліңіз.

Жидектерді немесе басқа сусымалы өнімдерді сыққан кезде, оларды көп салмаңыз. Бірдей бөліктермен асықпай салыңыз. Осындай өнімдерді салу үшін қасықты қолдануды ұсынамыз. Бірақ жүктеу мойнына өнімді салу үшін ғана қасықты қолданыңыз, егер қажет болса, ішіне итеру үшін итергішті пайдаланыңыз.

Егер сіз шырынсыққышқа тым көп өнім салатын болсаңыз, ол кептеліп қалады немесе шамадан тыс жүктеме туындайды, шамадан тыс қысым салдарынан шырынсыққыштың құрамбөліктері бұзылуы мүмкін екені есіңізде болсын.

Егер шырынсыққыш кептеліп қалған болса, оны дереу өшіріп, кептелудің себебін жойыңыз. Кептелуді тазартпай, шырынсыққышты қайтадан қосуға тырыспаңыз, себебі бұл ток қорғанысының іске қосылуына немесе мотордың қызып кетуіне әкелуі мүмкін.

Қалыпты режимде өнім шырынсыққышқа ауырлық күшінің әсерімен беріледі, сондықтан салатын мойынның ішінде өнім кептеліп қалған немесе иірімкепен ұсталмаған болса ғана, итергішті қолдану керек. Итергішке қатты күш салмаңыз. Егер өнімді салатын тесікке итергішпен күштеп итерсеңіз, онда шырынсыққыштың жұмыс режимі бұзылуы мүмкін және шамадан тыс жүктеме пайда болады.

Сығу аяқталғаннан кейін шырынсыққышты дереу өшірмеңіз, күнжараның толық шыққанын күтіңіз, содан кейін шырынсыққышты сөндіріңіз де, қысқа уақытқа, 1-2 секундқа реверсті қосыңыз. Бұл содан кейін шырынсыққышты артық күш жұмсамай бөлшектеуге көмектеседі.

Шырынсыққышты жұмыс режимінен бірден реверске ауыстыруға тыйым салынады, әйтпегенде қозғалтқыш бұзылуы немесе сақтандырғыш күйіп кетуі мүмкін. Реверсті қоспас бұрын шырынсыққышты өшіріп, айналу толығымен тоқтағанша күтіп, содан кейін ғана реверсті қосыңыз.

Сығар алдында дәнектері қатты жемістердің (қара өрік, шабалды және т. б.) дәнектерін алып тастау керек, әйтпесе шырынсыққыш зақымдалуы мүмкін. Дәнектері кішірек және анағұрлым жұмсақ жемістерді (алма, айва, жүзім, апельсин, қызыл қарақат, таңқурай және т. б.) дәнектерімен бірге сығуға болады. Тек өнімді салуды реттеніз, шамадан тыс жүктемеге жол бермеңіз және шырынсыққыштың күнжараны шығарып үлгеруін қадағалаңыз, өйткені дәнектер сайып келгенде күнжараға кетеді.

Дәнектері бар жемістерді немесе жидектерді сығу кезінде олар уатылуы мүмкін, сонда өзектеріндегі заттар шырынға түседі. Мысалы, бұл жүзім дәнектерімен болуы мүмкін. Дәнектерді уату жемістердің немесе жидектердің сұрыптарына және пісу дәрежесіне байланысты.

Иірімекті шырынсыққышта әртүрлі өнімдердің дәмін араластырмауға мүмкіндік беретін тез және қарапайым экспресс-тазарту процесі бар. Шырынға арналған контейнерді су жинауға арналған ыдыспен ауыстырыңыз, шырынға арналған келтекұбырдағы клапанды жауып, шырынсыққышты қосып, жеткізілім мойнына 1 стакан су құйыңыз. Ыдыстың толып кетуі мен судың ағып кетуін болдырмау үшін 1 стаканнан артық су құймаңыз. Сығылған өнімнің қалған бөлігі шайқалғанша біраз күте тұрыңыз, содан кейін шырынға арналған келтекұбырдағы клапанды ашып, судың ағып кетуін күтіңіз. Қажет болғанда процесті қайталаңыз. Жууды аяқтағаннан кейін, шырынсыққышты өшіріп, су ыдысын шырынға арналған контейнермен ауыстырыңыз. Осыдан кейін басқа өнімді сығуды бастауға болады.

Экспресс-тазарту қолданғаннан кейін әрбір құраушы бөліктерді әдеттегі жууды алмастыру болып табылмайды.

Өртүрлі өнімдердің қоспаларын алу үшін шырынға арналған келтекұбырдағы клапанды жабуға болады. Мысалы, банан сүтін дайындау үшін клапанды жауып, 1-2 бананды сығыңыз, содан кейін шырынсыққышқа 1 кесе сүт құйып, қоспа дайын болғанша шамалы күтіңіз. Содан кейін клапанды ашып, қоспаны құйып алыңыз. Банан сүті дайын.

Жабық клапанмен жұмыс жасағанда, шырынның ағып кетпеуі үшін ыдыстың жартысынан көбін өніммен толтырмаңыз.


Жұмсақ сұрыпты алманы сығу кезінде шырынмен бірге мәйек шығуы мүмкін. Сондай-ақ сәбіз, қызылша шырыны және кейбір басқа өнімдердің шырынында аздаған мәйек болуы мүмкін. Бұл иірмекті шырынсыққыш жұмысының ерекшелігі болып табылады байланысты және ақаулық деп саналмайды. Шырынға түсетін мәйектің мөлшері сығылатын өнімдердің сұрпына, пісу дәрежесіне және шырындылығына байланысты. Сондай-ақ жүктеу мойнына өнімнің салыну қарқындылығы шырындағы мәйектің мөлшеріне әсер етуі мүмкін. Көп немесе керісінше, аз салып көріңіз.

Жұмсақ алманы сыққан кезде езбе алмас үшін, сүзгі ұстағышын (тазартқышты) орнатпауға тырысыңыз.

Шырын сыққаннан кейін алынған күнжараны түрлі тағамдар дайындау үшін пайдалануға болады. Мысалы, жемістер мен жидектерден шыққан күнжара — компот пен кисель, джемдер мен тәттілер дайындауға болады. Сәбіз — қоспалар мен котлеттер дайындауға болады. Сығылған сәбізді пакетке салып, мұздатып, содан кейін сорпа мен бұқтырмаларға пайдалануға болады. Қызанақтан шыққан күнжараны борщтың дәмдеуіші ретінде қолдануға жарамды, ал сығылған кәдіні құймақ үшін пайдалануға болады.

Шырынсыққышты тазарту және күтім жасау

Суретте көрсетілген бөлшектеу ретін орындаңыз. Бұғаттан шығару үшін үстіңгі қапқакты сағат тіліне қарсы бағытта бұраңыз. Иірмекті, сүзгіні және сүзгі ұстағышын шығарыңыз. Бұғаттан шығару үшін ыдысты сағат тіліне қарсы бұраңыз және оны алыңыз.




1. Үстіңгі қапқак
2. Иірмек
3. Сүзгі

4. Нығыздауышы бар сүзгі ұстағышы
5. Ыдыс

Шырынсыққыштың барлық алынбалы бөліктерін жуыңыз. Металл ысқыштарды, щеткаларды немесе түрпілі тазартқыш құралдарды пайдаланбаңыз. Жуу үшін ыдыс жуғыш машинаны пайдаланбаңыз. Барлық жуылған бөлшектерді сүртіп, кептіріңіз.

Мотор бөлігін ағын сумен жууға болмайды. Оны дымқыл шүберекпен сүртіңіз және құрғатып сүртіңіз. Ось (шпиндель) аймағындағы корпусқа су мен шырынның түсуіне жол бермеңіз. Егер бұл жерге сұйықтық төгілсе, оны дереу сүртіңіз.

Шырынсыққышты жуған кезде, жиынтықта берілген тазалағыш щетканы қолданыңыз. Оның қылшығының диаметрі сүзгі торының тесіктерінен мәйек



қалдықтарын кетіруге өте қолайлы. Торды екі жағынан: ішкі және сыртқы жағынан щеткамен тазалау ұсынылады.

Иірімектің төменгі жағы ойығындағы күнжараның қалдықтарын щетканың артқы үшкір ұшымен, ал тістерінен — қылшықтармен алып тастауға болады.

Ыдысын жуғанда күнжара арнасының артындағы бітеуішті алып тастаңыз, бұл арнаны ағын сумен жууға мүмкіндік береді. Бітеуішті жұлып алмау үшін оны қатты жұлқып тартпаңыз, абайлап шығарыңыз және салыңыз.

Көп жиналып қалған күнжараны арнадан алып тастау үшін щетканың артқы жағын пайдаланыңыз. Егер щетка арнаға толық сыймаса, оны тегіс жағымен 90 ° бұрыңыз. Егер күнжара ыдыстың ішіндегі ойықтарға және оның ішіндегі кішкене тістегершіктерге кептеліп қалса, щетканың үшкір ұшы да пайдалы болады.

Сүзгі тазартқышындағы щеткалар алынбалы. Сіз оларды жуу үшін шығара аласыз. Щеткаларды алу және орнату тәртібі суретте көрсетілген.

Күтім жасау және сақтау

Шырынсыққышты жиналған түрде балалардың қолы жетпейтін салқын және құрғақ жерде сақтаңыз. Тікелей күн сәулелерінің түсуіне жол бермеңіз.

Ақауларды жою

Шырынсыққышты бөлшектеу кезінде үстіңгі қақпақ бұрап шығарылмайды. Келесі әрекеттерді орындап көріңіз:

1. Көп күш салыңыз.
2. Ыдыс қысқыштардан шығу үшін оны сағат тіліне қарсы бұраңыз. Ыдысты шырын мен күнжара шығатын келтеқұбырларды екі қолмен ұстап, бұру ыңғайлы. Содан кейін ыдысты сәл жоғары көтеріңіз. Осыдан кейін қақпақты қайтадан бұрап көріңіз.
3. Қақпақтың ортасын, шығыңқы жағын басыңыз. Содан кейін оны бұрап шығарыңыз.
4. Шырын шығатын келтеқұбырды бітеуішпен жауып, ыдысқа аздаған мөлшерде жылы су құйыңыз. Ыдыста қалған күнжара суланған кезде, қақпақты бұрап көріңіз.

Қақпақ кептеліп қалмас үшін, шырынсыққышты өшірмес бұрын күнжараның шығуы аяқталғанша күтіңіз.

Егер ыдыстан иірмекті алу мүмкін болмаса, қысқыштардан шығуы үшін ыдысты сағат тіліне қарсы бұраңыз. Ыдысты шырын мен күнжара шығатын келтеқұбырларды екі қолмен ұстап, бұру ыңғайлы. Содан кейін ыдысты толығымен алып тастағанша оны бір жағынан екінші жағына ығап, жоғары көтеріңіз.

Алынған ыдыстан иірмекті төмен жағынан басып шығаруға болады. Сондай-ақ сіз онда қалған күнжараны жібіту үшін ыдысты суға салып қоя аласыз, бұл күнжараны алуды жеңілдетеді.

Бірінші рет қолданған кезде шырынсыққыш қосылған кезде сықпайды. Егер реверсті қосса, сығу жүреді.

Себебі қозғалтқышты қосудың дұрыс емес полярлығында болып табылады. Қалыпты режимде иірмек сағат тілімен (беру мойны арқылы көруге болады), ал сүзгі ұстағышы сағат тіліне қарсы айналуы керек.

Бұл ақаулықты өз бетінше түзетуге болады. Шырынсыққыштың электр қуаты желісінен ажыратылғанына көз жеткізіңіз. Жұмыс режимдері қосқышының жақтауын қандай да бір қолайлы затпен (мысалы, жалпақ бұрағыштың ұшымен) іліп алыңыз да, оны корпусынан шығарыңыз. Ажыратқышқа 3 топқа (бір топта 2 сымнан) бөлінген 6 сым қосылған. Ортаңғы топта екі сымның орындарын ауыстыруыңыз керек. Сымдар пышақты қысқыштарға бекітіледі. Қысқышты ажырату үшін қорғаныс қабығын сырғытыңыз, содан кейін қысқыштағы кішкене бекітуші тілшікті басып, оны алыңыз. Қысқышты орнату үшін оны тірелгенше пышақты түйіспеге сырғытыңыз, содан кейін қорғаныс қабығын қысқышқа сырғытыңыз. Содан кейін режимдерді ауыстырып-қосқышты тірелгенге дейін басып, оны кері орнатыңыз. Шырынсыққышты электр қуаты желісіне қосып, дұрыс айналуын тексеріңіз.

Сіз өндірушінің жедел желісіне хабарласа аласыз.

Шырын ыдыстың астынан ағып кетеді.

Күнжара арнасына бітеуіш салынбаған болуы мүмкін.

Ыдыста сұйықтық тым көп және шырын мотор білігі мен иірмек білігінің тығыздағышы арасындағы ыдыстағы тығыздағыш арқылы сіңіп өтеді. Өнімнің келесі бөлігін салар алдында шырынды ағып кеткенше күтіңіз.

Шырынсыққыш қосылмайды.

Қақпақ бекітілмеген немесе дұрыс орнатылмаған болуы мүмкін. Қақпақ дұрыс орнатылған кезде, ондағы тілшік корпусындағы ойыққа түсіп, қауіпсіздік қосқышын басады. Егер қосқыш басылмаған болса, шырынсыққыш қосылмайды.

Шырын сыққаннан кейін шырынсыққыштың құрамбөліктері боялған.

Құрамында бояғыш пигменттер бар өнімдерді өндеген кезде, шырынсыққыштың пластик бөліктері боялуы мүмкін. Бұл шырынсыққыш жұмысының сапасына мүлдем әсер етпейді. Дақтарды кетіру үшін оларды өсімдік майына малынған майлықпен немесе шүберекпен сүртіңіз.

Сығу процесінде қақпақ ашылып кетеді.

Салынатын өнімдердің мөлшерін азайтып көріңіз немесе салынатын өнімдерді ұсақ бөліктерге ұсақтап тураңыз.

Сығу кезінде қақпақ ойықтардан жоғары сығылады.

Мүмкін сіз шырынсыққышқа шектен тыс көп өнім салып, соның нәтижесінде шамадан тыс жүктеме туындады да, ыдыстағы артық қысымды босатып, қақпақ жоғары сығылды. Салынатын өнімнің мөлшерін азайтып көріңіз.

Техникалық сипаттамалары

1. Кернеу: 230 В, 50 Гц
2. Қуаты: 150 Вт
3. Электр тогынан зақымданудан қорғау класы: I
4. Біліктің айналу жылдамдығы: 60-70 айн/мин
5. Баусымның ұзындығы: 1,1 м
6. Үздіксіз ең көп жұмыс істеу уақыты: 30 минут
7. Құрылғының өлшемі: 230 * 170 * 475 мм
8. Орамының өлшемі: 320 x 300 x 326 мм
9. Вес нетто: 5,0 кг
10. Жалпы салмағы: 5,7 кг

Қызмет ету мерзімі: 2 жыл

Кепілдік мерзімі: 1 жыл

Тауар сертификатталған



Өндіруші: Нинбо Соудер Илектрик Эплаенс Ко., Лтд. №7 Хунсин Роуд, Хунтан А Эриа, Цзянбэй Дистрикт, Нинбо, Хунтан А Эриа, Цзянбэй Дистрикт, Нинбо, Қытай.

Импорттаушы: «Аэро-Трейд» ЖШҚ, 197022, Санкт-Петербург қ., Инструментальная к-сі, 3-үй, Х лит., 1-кеңсе.

Шығарылған ел: Қытай.

РФ аумағында наразылықтарды қабылдайтын уәкілетті ұйым: «Аэро-Трейд» ЖШҚ, 197022, Санкт-Петербург қ., Инструментальная көш., 3-үй, Х лит. 1-кеңсе.

Өндірушінің жедел желісі: 8-800-775-56-87 (дс-жм Мәскеу уақыты бойынша 9:30 бен 17:30 аралығы), mfo@kitfort.ru

Сервис орталықтарының мекенжайларын жедел желі операторынан немесе kitfort.ru сайтынан білуге болады

Ерекше кәдеге жарату етіледі. Қоршаған ортаға зиян келтірмеу үшін осы объектіні кәдімгі қалдықтардан бөлу және оны ең қауіпсіз тәсілмен кәдеге жарату, мысалы, кәдеге жарату бойынша арнайы орындарға тапсыру қажет.

Жасалған айы мен жылы қаптама қорабының төменгі жағында көрсетілген.

Өндіруші өз өнімін жетілдіру барысында, қосымша түрде мәлімдеусіз, бұйымның дизайнына, жиынтықтамасына, сондай-ақ техникалық сипаттамаларына өзгерістер енгізуге құқылы.

Сақтық шаралары

Пайдалану нұсқаулығын мұқият оқып шығыңыз. Сақтық шараларына ерекше назар аударыңыз. Нұсқаулықты әрдайым қолжетімді жерде ұстаңыз.

1. Құрылғы тұрмыстық жағдайларда пайдалануға арналған және пәтерлерде, қала сыртындағы үйлерде, қонақ үй нөмірлерінде, кеңселерде және өнеркәсіптік емес және коммерциялық емес пайдалану үшін басқа осындай орындарда қолданылуы мүмкін.
2. Шырынсыққышты тек мақсатына қарай және осы нұсқаулықта берілген нұсқауларға сәйкес пайдаланыңыз. Құрылғыны мақсатсыз пайдалану тиісті пайдалану шарттарын бұзу болып есептеледі.
3. Құрылғыны электр розеткасына қосар алдында, онда көрсетілген электр қуаты параметрлерінің пайдаланылатын қуат көзінің параметрлеріне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
4. Электр тогынан зақымдануды болдырмау үшін құрылғыны суға және басқа сұйықтықтарға батырмаңыз.
5. Шырынсыққышты қуат баусымынан ұстап тасымаңыз. Ашаны розеткадан ажыратқан кезде қуат баусымынан тартпаңыз.
6. Егер шырынсыққыштың қуат сымы, ашасы немесе басқа бөлшектері зақымдалған болса, құрылғыны пайдаланбаңыз. Электр тогынан зақымдануды болдырмау үшін құрылғыны өз бетіңізше бөлшектемеңіз — оны жөндеу үшін білікті маманға жүгініңіз. Құрылғыны дұрыс құрастырмау пайдалану кезінде электр тогынан зақымдану қаупін арттыратынын есіңізде ұстаңыз.
7. Балаларға, физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектелген адамдарға, сондай-ақ жеткілікті тәжірибесі мен білімі жоқ адамдарға шырынсыққышты пайдалануға тек олардың қауіпсіздігі үшін жауапты тұлғалардың бақылауымен немесе құрылғыны пайдалану жөніндегі нұсқаудан өткеннен кейін ғана рұқсат етіледі. Балалардың құрылғымен ойнауына рұқсат бермеңіз.
8. Жанында балалар немесе үй жануарлары болғанда, шырынсыққыштың жұмысын бақылаңыз.
9. Жұмыс істеп тұрған құрылғыны қараусыз қалдырмаңыз. Егер құрылғыны ұзақ уақыт пайдаланбасаңыз немесе қызмет көрсетуді жүргізер алдында, оны сөндіріңіз және желіден ажыратыңыз.
10. Шырынсыққышты тек тұрақты көлденең бетке, қабырға мен үстел шетінен кемінде 10 см алыс орнатыңыз.
11. Құрылғыны қосу бұғаттамасын айналып өтуге тырыспаңыз.
12. Қозғалмалы бөлшектермен жанасуды болдырмаңыз.
13. Құрылғыны 30 минуттан ұзақ үздіксіз пайдаланбаңыз. 30 минут жұмыс істегеннен кейін, құрылғының салқындауы үшін кем дегенде 7-10 минутқа үзіліс жасау керек.
14. Өнімдерді салу үшін арнайы итергішті пайдаланыңыз.
15. Құрылғының құлауына жол бермеңіз және оны соғылуға ұшыратпаңыз.
16. Білік (айналдырғы) аймағында корпусқа су мен шырынның түсуіне жол бермеңіз.
17. Шырынсыққышты балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.
18. Тек өндіруші ұсынатын керек-жарақтарды пайдаланыңыз. Өзге қосымша керек-жарақтарды пайдалану құрылғының бұзылуына немесе жарақат алуға әкелуі мүмкін.

TM-5